

رِسَالَةٌ مُخْتَصَرَةٌ بِعُنْوَانٍ:
«كَيْفَ أَدْخُلُ فِي الْإِسْلَامِ؟»

مُتَرْجَمَةٌ إِلَى اللُّغَةِ: قازاقية

«Исламға қалай
кіремін?»

إِعْدَادُ الْفَقِيرِ إِلَى عَفْوِ رَبِّهِ:

هَيْثَمُ بْنُ مُحَمَّدٍ سَرْحَانَ

المُدْرَسُ بمعهد الحرم بالمسجد النبويِّ -سابقًا- والمُشْرِفُ على معهد
السُّنَّةِ

<https://mahadsunnah.com/>

غفر الله له ولوالديه ولمن أعانه على إخراج هذا الكتاب

قامَ بترجمتها: أبو يوسف قازاقي -وَفَّقَهُ اللهُ وَسَدَّدَهُ-

الطَّبْعَةُ الْأُولَى

[حقوق الطبع مُتاحةٌ لكلِّ مسلمٍ بدون أيِّ تغييرٍ في المُحتوى]



Исламға қалай кіремін?

Сұрақ:	Жауап:
Исламға кіру оңай ма?	Иә, өйткені ол үшін дәнекер де, арнайы рәсім де қажет емес.
Исламға ертерек кіруім керек пе, әлде сәтті уақыттың келуін немесе проблемалардың бітуін күтуім қажет па?	Исламға кіруді кешіктіру опат болуға алып келуі мүмкін, өйткені сіз кез-келген уақытта қайтыс болып кетуіңіз ықтимал, сондай-ақ Исламға кіру - бұл ұтылмайтын табысты сауда, сондықтан да Исламға қаншалықты ерте кірсеңіз, соншалықты көп табысқа ие боласыз.
Исламға кіргісі келетін адам не істеуі керек?	Ол тек: «Әшһаду ән лә илләһа иллә-Ллаһ уа әшһаду әнна Мухаммадан ғабдуһу уа расулюһ (Аллаһтан басқа



Сұрақ:	Жауап:
	құлшылыққа лайықты шынайы құдай жоқ деп куәлік беремін әрі Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі деп куәлік беремін)», - деп қос куәлікті айтуы керек.
Ол куәлік қай тілде айтылуы керек?	Адам қай тілде жақсы сөйлесе, сонымен айтса болады, әрі оны араб тілінде айту шарт емес.
Оны мағынасын түсінбей айтса да болады ма?	Жоқ, адам міндетті түрде оның мағынасын түсінуі, оның мән-мазмұнына сенуі, әрі ол талап ететін нәрселерге амал етуі керек.
«Әшһаду» - «куәлік етемін» деген сөздің мағынасы не?	Оның мағынасы: Жүрегіммен бекітіп мойындаймын, тіліммен айтамын және дене мүшелеріммен соған сәйкес амал жасаймын.
« Лә иләһә иллә-Ллаһ » куәлігінің	Оның мағынасы: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты



Сұрақ:	Жауап:
мағынасы не? «Мухаммад – Аллаһтың құлы әрі елшісі» деген куәліктің мағынасы не?	шынайы құдай жоқ. Оның мағынасы: ол - оған құлшылық етуге болмайтын Аллаһтың құлы әрі оны өтірікке шығаруға болмайтын Аллаһтың Елшісі.
	Әрі осы куәлікті берген адамға Оның хабарлаған нәрселерін шындық деп растау, оның әмірлеріне бағыну, ол тыйым салған және қайтарған нәрселерден тыйылу және оның Сүннетіне ілесіп оны ұстану міндетті болады.
Мен бұны жақсы түсіндім, енді не істеуім керек?	Менің ізімнен: «Әшһаду ән лә илләһа иллә-Ллаһ уа әшһаду әнна Мухаммадан ғабдуһу уа расулюһ (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты шынайы құдай жоқ деп куәлік беремін әрі Мухаммад – Оның құлы әрі



Сұрақ:	Жауап:
Енді мен мұсылман болдым ба?	елшісі деп куәлік беремін)», - деп қайталап айтыңыз. Иә, Аллаһқа бүкіл мақтау, бұл Аллаһтың сізге деген ұлы мейірімінен.
Енді маған мұсылман ретінде нені өсиет етесіз?	Аллаһтан Ол сізді Өзінің хақ дінінде бекем етуін дұға етіп сұрауыңды және өзіңе осыда көмектесетін салиқалы жолдас таңдауыңызды, Исламды білім алу арқылы оқып үйренуіңізді өсиет етемін.
Ең жақсы дұға қандай?	«(Уа Аллаһ) бізді тура жолыңмен жүргізе гөр» («Иһдина-с-сыротәл-мустақийм») («әл-Фатиха» сүресі).
Ең оңай зікір қандай?	Ең оңай зікір «Аллаһтың атымен» («Бисми-Лләһ»): ол мешітке, үйге кіргенде және олардан шыққанда, Құран



Сұрақ:	Жауап:
	оқуға кіріскенде, әжетханаға кіруден, киімді шешуден, дәрет алудан, тамақ жеуден және сусын ішуден бұрын және басқа да орынды жағдайларда айтылады.
Менің Исламға кіруімнен бұрын жасаған күнәларымның үкімі қандай?	Ислам одан бұрын жасалған күнәлардың барлығын өшіреді, тек егер олар басқа пенделердің құқықтарына қатысты болмаса ғана, өйткені оларды өтеу және құқық иелерінің құқықтарын қайтару міндетті болып табылады.
Мен Ислам куәлігін айтқан соң не істеуім керек?	Ғұсыл алуыңыз (толық шомылуыңыз) керек.
Мен не үшін ғұсыл алуым керек?	Біріншіден, мұсылман адам: «Не үшін?» - деп айтпайды, алайда ол: «Естідік әрі



Сұрақ:	Жауап:
	бойсұндық» («Нур» сүресі, 51), - дейді. Екіншіден, сіздің жаныңыздың тазарғаны сияқты, тәніңізде де тазаруы үшін ғұсыл алуыңыз керек.
Жақсы, ендеше қалай ғұсыл алуым керек?	Жүрегіңмен ғұсыл алуға ниет етесіз де: «Бисмилләһ», - деп айтып, бүкіл денеңізді сумен жуасыз (әрі ауыз бен мұрынды да шаю керек).
Ғұсыл алған соң не істеу керек?	Егер намаздың уақыты кірсе, онда Аллаһтың қалауымен намаз оқисыз.
Намаз оқу маған қиын болмай ма, өйткені онда мен білмейтін әрі түсінбейтін сөздер мен іс-әрекеттер көп	Ислам – бұл ауырлық діні емес, керісінше, ол – жеңілдік діні, Аллаһқа бүкіл мақтау әрі игіліктер тек Одан ғана.



Сұрақ:	Жауап:
ғой?	
Намазды қалай оқу керек?	Сіз намазды маған ілесіп оқысаңыз болады, немесе намазды үйрететін таспаны қарауыңыз керек. Сіз осы жолдаудың соңында келтірілетін сілтемелер арқылы «Сунна» колледжінің сайты мен арналарында әртүрлі тілдерде дайындалған осындай таспаларды көре аласыз.
Намаздан кейін не істеу керек?	Сіз Исламның бес рүкіні мен иманның алты тірегін оқып үйренуіңіз керек, әрі исламыңыз бен иманыңыз дұрыс болуы үшін, әрі қарай осылай жалғастыра бересіз.
Исламды оқып үйренуім үшін маған қандай	Сауд Арабиясындағы үлкен ғұламалардың және Исламға шақырумен айналысатын



Сұрақ:	Жауап:
сайттарды насихат етесіз?	ұйымдардың сайттарын насихат етемін.
Мұсылман емес жақындарыммен қалай қарым- қатынас жасауым керек?	Сіз олармен Пайғамбарымыз ﷺ мұсылман еместермен қарым-қатынас жасағанындай, оларды тіліңізбен, мінез- құлқыңызбен және қарым- қатынасыңызбен Исламға шақыратындай етіп қарым- қатынас жасаңыз.
Бізде Исламды қабылдағысы келетін кісілер бар, бірақ олар өз отбасыларына мұны хабарлағысы келмейді, олар не істеулері керек?	Исламды қабылдайтын адам бұл туралы әлдебіреуге хабарлауға міндетті емес, өйткені бұл оны мен Аллаһтың арасындағы іс.
Исламдағы ең жақсы кітап	Ең жақсы кітап – бұл Қасиетті Құран, өйткені ол Аллаһ



Сұрақ:	Жауап:
қандай?	Тағаланың Сөздері.
Құрандағы ең ұлы сүре қандай?	Құрандағы ең ұлы сүре – «әл-Фатиха» сүресі, сондықтан да біз оны намаздың әрбір ракағатында оқимыз.
Құрандағы ең ұлы аят қандай?	Құрандағы ең ұлы аят – ол «Аят әл-Курси».
Құранды қалайша оқи алатын боламын?	Құранды оқып үйрену арқылы және оны әл-Хузайфи және әл-Хусори сынды немесе басқа шейхтардың оқуын тыңдау арқылы.
Құранды қалайша түсіне аламын?	Сіз оны атақты ғалымдардың тәпсір кітаптарын оқу арқылы түсіне аласыз.
Құранның тәпсірлерін қайдан таба аламын?	Мен сізге Мәдина қаласындағы Құран басып шығару орталығынан іздеуді ұсынамын.
Маған Құраннан	Мен сізге Пайғамбарымыздың



Сұрақ:	Жауап:
кейін не оқуды насихат етесіз?	صلی اللہ علیہ وسلم сенімді хадистерін оқуды насихат етемін.
Хадистер бойынша ең жақсы кітап қандай?	Хадистер жинақталған ең жақсы және ең дұрыс кітап - бұл имам әл-Бухаридің «Сахих әл-Бухари» хадистер жинағы. Мұсылман үмметі бұл туралы бір ауызды келісімде әрі үмметтің ұлы ғалымдары да оған разы болған. Мен сізге осы жолдаудың соңында келтірілген осы кітапты жүктеп алу сілтемелерін қарап шығуды насихат етемін.
Пайғамбарымыз صلی اللہ علیہ وسلم Сүннеттіңдегі ең маңызды хадис қандай?	Ең маңызды хадис – бұл онда Ислам, Иман және Ихсан туралы баяндалатын Жәбірейілдің хадисі.



Сұрақ:	Жауап:
Мен Исламды оқып үйренуге шамам келмейді деп қорқамын?	Қорықпаңыз, керісінше, Аллаһқа тәуекел етіңіз, сонда Аллаһ сізге ұмтылысыңызда көмектеседі. Өйткені дін жеңіл, Аллаһ сізді Өзі жақсы көретін әрі разы болатын істерде жетістікке жеткізсін. Әрі сіз біздің «Сунна» колледжімізде онлайн әрі тегін оқи аласын, бұл үшін жолдауымыздың соңындағы сілтеме бойынша кірсеңіз болады. Әрі сөзіміздің соңында сізге Пайғамбарымыздың ﷺ мына сөздерін өсиет етеміз: <i>«Өзіңе пайда келтіретін нәрсеге ұмтыл, Аллаһтан көмек сұра әрі әлсіздік танытпа».</i>



«Сунна» колледжі арналарының сілтемелері:

«Телеграмм»
сілтемесі



«Фейсбук» сілтемесі



«Сунна» колледжінің
сайты



«Уатсап» сілтемесі



«Твиттер» сілтемесі



«Инстаграмм»
сілтемесі



Кітаптарды жүктеу
сілтемесі



«Ютуб» сілтемесі

